

**REPORTS OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

ISSN 2224-5227

Volume 6, Number 6 (2014), 163 – 167

**STUDY ON IMPROVEMENT OF INSTITUTE OF LEGISLATIVE  
INITIATIVE AND THE ANALYSIS OF THE LEGAL REGULATION**

A.Zh. Zharbolova

zharbolova.aygerym@mail.ru

Kazakh National University named after Al-Farabi

**Keywords:** deputy, Parliament, Government, legislative initiative, bill, law, legislative process

**Abstract.** The article is dedicated to investigate the institute of legislative initiative. Thus in the article are uncovered the importance of the institute of legislative initiative and possible ways for exploiting of the projects of the laws, performed analysis of the legal regulation of the institute of legislative initiative, given offers on improving of the relevant institute.

УДК 342:328.34(574)

**ЗАҢ ШЫҒАРУ БАСТАМАШЫЛЫҒЫ ИНСТИТУТЫНЫң  
ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУИ МЕН ЖҰЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫНЫң  
КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

А.Ж. Жарболова

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қаласы

**Тірек сөздер:** депутат, Парламент, Үкімет, заң шығару бастамашылығы, заң жобасы, заң, балама заң жобасы, заң шығару процесі

**Аннотация.** Жұмыстың максаты – Қазақстан Республикасында заң шығару бастамашылығы институтының құқықтық реттелу жағдайын талдап, оны жетілдіру жолдарын қарастыру болып табылады. Жұмысты жүргізу әдістері болып тарихи, құқықтық салыстыру, талдау және синтез табылды. Жұмыстың нәтижесі мен қорытындылары болып Қазақстанда заң шығару бастамашылығы институтының реттелуі мен жүзеге асырылуының қазіргі жағдайын талдау, оны жетілдіру туралы ұсыныстар табылады. Мақалада заң жобасын өзірлеу жолдары қарастырылып, депутаттардың заң шығару бастамашылығы құқығын жүзеге асыруына көрінісін көрсетілген. Әрі шетел практикасымен салыстырмалы талдау жасалған. Автор қол жеткізген нәтижелерді қолдану аясы болып заң шығару бастамашылығы институтын реттейтін конституциялық-құқықтық заңнаманы жетілдіру табылады. Автор жасаған қорытындыларды заң шығару бастамашылығы институтын дамытуп, жетілдіруде, сондай-ақ заң оку орындарында конституциялық-құқықтық циклдегі пәндерді оқыту процесінде қолдануға болады.

**Ключевые слова:** депутат, Парламент, Правительства, законодательная инициатива, законопроект, закон, законодательный процесс

Мемлекетте жүргізілетін қандай-да болмасын құқықтық реформаның сәтті, жемісті болуы заң шығармашылығының нәтижесі - заңның мазмұнының сапалығына, заңның жұмыс істеу қабілеттігіне байланысты. Ал сапалы заңның қабылдануы, оның маңыздылығы, тұрақтылығы, өміршешендігі заң шығару бастамашылығына тікелей қатысты. Қазақстан Республикасында заң шығару бастамашылығы ретінде елдегі заң шығару органының қарauына белгіленген рәсімдерге сәйкес заң жобасын рееси түрде енгізу құқығы танылады.

Заң шығару процесі кез-келген өзге де процесс секілді келісілген бөлшектердің процедуралық жүйесіне ие. Олар Парламенттің екі Палатасы үшін жалпы, сондай-ақ әрбіреуіне жеке өзгеше болуы мүмкін.

Республика заң актілеріне сәйкес қазақстандық заң шығару процесі әдетте екі түрде жүзеге асырылады: Мәжіліс - Сенат - бірінен соң екіншісі кезектілікпен қарау арқылы заң шығару және

палаталардың бірлісken отырысында заң шығару. Оған қоса, 21 мамыр 2007 жылғы конституциялық реформаға сәйкес 2007 жылдың 19 маусымында ««Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мэртебесі туралы» ҚР конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» конституциялық заң қабылданып, онда Мәжіліс таратылған жағдайда Парламенттің конституциялық заңдар мен заңдар қабылдау жөніндегі қызметін уақытша, Мәжілістің жаңа құрамы сайланғанға дейін Сенат атқаратындығы бекітілді.

Республика Конституациясының 54 бабының 1 тармагына сәйкес Парламент палаталардың бөлек отырысында мәселелерді өзелі - Мәжілісте, ал содан кейін Сенатта өз кезегімен қарау арқылы конституциялық заңдар мен заңдар қабылдайды. Ал, 53 баптың 1 тармағы Палаталардың бірлесken отырысында Парламент Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынысы бойынша Конституацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізетінін белгілейді.

Заңдарды палаталардың кезектілікпен немесе бірлесken отырыста қарап, қабылдауы байланысты болатын заңды факті болып Республика Конституациясында анықталған адамдар мен органдардың өздеріне тән заң шығару бастамашылығы құқығын пайдалануы танылады. Заңнамаға сәйкес заң шығару бастамашылығы құқығы субъектісінің Парламент қарауга міндettі заң жобасының және Парламенттің өзге заң актісінің мәтінін ресми енгізу заң шығару бастамашылығы болып табылады [1. 15 бап]. Заң шығару бастамашылығы Мәжілісте ғана жүзеге асырылады және оған ие субъектілердің үш түрін көрсетуге болады: Қазақстан Республикасы Президенті, ҚР Үкіметі және Парламент депутаттары. Заң шығару бастамашылығы құқығы субъектісі ретінде бұл тұлғалардың танылуы кездесісік емес. Нақтырақ айтсақ, Парламент депутаттары халықпен етепе араласатын, сайлаушылармен кездесулер кезінде олардың ерікмұдделерімен таныс болатын субъектілер ретінде танылса, Үкімет реформаларды жүзеге асыру үшін құқықтық реттелуге зәру саланы байқай алатын субъект ретінде танылады, ал Республика Президенті заң шығару бастамашылығы құқығын жүзеге асыру арқылы адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі ретіндегі қызметін, мемлекеттік биліктің барлық тармағының келісіп жұмыс істеуін және өкімет органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді. Олай болса, атальыш субъектілердің заң шығару бастамашылығы құқығы субъектілері ретінде танылуының қажеттілігі негізі болып табылады.

Республика Президентінің, Үкіметінің және Парламент депутаттарының заң шығару бастамашылығы құқығын жүзеге асыруымен жүздеген заңдар қабылданып, олар құқықтық реформалардың жүргізілуіне, мемлекеттік міндеттің өркендеуіне өз септігін тигізуде.

Заң шығару бастамашылығы құқығын атальыш субъектілердің жүзеге асыру тәртібіне келсек, Парламент депутаттары Парламент Мәжілісіне заң актілерінің жобасын енгізу туралы шешімін тиісті ұсынысын рәсімдеу арқылы, Үкімет болса Парламент Мәжілісіне заң актілерінің жобасын енгізу туралы шешімін тиісті қаулысын шығару арқылы жүзеге асырады. Ал, Республика Президенті ҚР Парламенті Мәжілісінің қарауына заң актісінің жобасын енгізуі өзінің арнайы жолдауымен жүзеге асырады. Конституацияның заң шығару бастамашылығы құқығы субъектілері ретінде осы З субъектіні ғана бекітуі қофамның өзге мүшелері бұл процестен аластатылған немесе қол үзген деген қорытынды жасауға негіз болмайы. Себебі, заң актісінің мәтінін дайындау, жасау Парламент қабыргасынан бөлек, тыс жүзеге асырылады. Тиісінше, заң жобасын Мәжіліске енгізуі субъектілер Республика Президенті, Парламент депутаттары және Үкімет қана болғанымен, оны жасаушылар қатарында өзге де тұлғалар болуы мүмкін.

Ашып айтсақ, заң шығару бастамашылығы құқығы субъектілері (Президент, Үкімет, Парламент депутаттары) заң жобасын енгізеді, ал оны әзірлеу жөніндегі ұсыныс немесе заңның бастамашылық жобалары мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар мен жеке адамдардан туындалуы мүмкін. «Нормативтік құқықтық актілер туралы» заңды зерделеу заң жобасын әзірлеудің бірнеше мүмкін жолын көрсетеді: ҚР Президентінің заң шығару бастамашылығы тәртібімен ҚР Парламентінің Мәжілісіне енгізілетін заңнамалық актілердің жобаларын әзірлеушілер ретінде ҚР Президентінің Президент Әкімшілігі, Үкімет, өзге де мемлекеттік органдар, олармен келісім бойынша ұйымдар және азаматтар бола алады. Ал, Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының заң шығару бастамашылығы тәртібімен дайындалатын заң жобаларының әзірлеушілері Парламент депутаттарының өздері болып табылады. Үкіметтің Республика Парламенті Мәжілісіне енгізетін заң жобасының әзірлеушілері туралы атальыш заңда нақты

жазылмаған. Онда жалпы түрде нормативтік құқықтық актілердің жобаларын, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, уәкілетті органдар өз бастамасымен немесе жоғары тұрган мемлекеттік органдардың тапсырмалары бойынша әзірлейтіндігі, өзге де мемлекеттік органдар, ұйымдар және азаматтар нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу жөнінде ұсыныс енгізуге немесе мұндай актілердің бастамашылық жобаларын уәкілетті органдардың қарауына беруге құқылы екендігі реттелген [2. 13 бап].

Уәкілетті орган ретінде Республика Президенті және Укіметі заңнамада өзгеше белгіленбесе нормативтік құқықтық актінің (нақты жағдайда заңының) жобасын дайындауды өзіне ведомстволық бағынысты мемлекеттік органдар мен ұйымдарға тапсыра алады немесе бөлінген бюджет қаражаты мен гранттарды осы мақсаттарға пайдалана отырып, оны дайындауға шарттық негізде мамандарға, ҚР-ның Ұлттық кәсіпкерлер палатасына, ғылыми мекемелерге, жекелеген ғалымдарға немесе олардың ұжымдарына, оның ішінде шетелдіктерге тапсырыс бере алады [2. 14 бап]. Аталған жағдайлардан байқайтынымыз заң шығару бастамашылығы құқығы субъектілерінің ішінде тек Парламент депутаттарыға заң жобасын әзірлеуді тек өздері жүзеге асырады. Олар белгілі бір тұлғаларға өтініш жасауы мүмкін, бірақ міндеттей алмайды. Ал, келесі жағдайда, Республика Президенті, Республика Укіметі заң жобасының мәтінін Мәжіліске енгізеді, ал оны әзірлеуді атап кеткендей көптеген тұлғалар - мемлекеттік органдар мен ұйымдар, шарттық негізде мамандар, ғылыми мекемелер, шетелдіктер, т.с.с. өзге де тұлғалар жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасында заң шығару бастамашылығы құқығын тиісті субъектілердің қолдану практикасына тоқталсақ, оның жағдайы көніл толарлықтай емес. Ашып айтсақ, 1-4 сайланымдағы Парламент тиісті уақыт аралығында 1762 заң қабылдаған, оның ішінде Президенттің бастамасы бойынша - 6, Укіметтің бастамасы бойынша - 1648 және Парламенттің депутаттарының бастамасы бойынша 108 заң қабылдаған [3. 22 б.]. Парламенттің екінші сессиясының екі айында депутаттардан тек 19 заң жобасы енгізілген. Ал бұл аралықта Укімет 160 бастама білдірген. Бұл көрсеткіштер депутаттар өздерінің заң шығару бастамашылығы құқығын жеткілікті түрде пайдаланбайтындығын көрсетеді. Мұның негізгі себебі депутаттардың заң жобасын әзірлеуді өзге субъектілерге беруінде зәни қатынастың, байланыстың жоқтығында деп айтуға болады. Ашып айтсақ, депутаттарда заң жобаларын әзірлеуге тапсырма мен тапсырыс беру құқығының, ал келесі жакта ондай тапсырманы орындау міндеттінің жоқтығы. Міне, дәл осы жағдай депутаттардың заң шығару бастамашылығы құқығын жиі қолданбауының негізгі себептерінің бірі болып табылады.

Жалпы алғанда заң жобасын әзірлеуші субъектілердің, заң жобасын дайындау жолдарының көптігі тиімді болып саналады. Ол заң жобасын әзірлеу, қалыптастыру ісінің маңыздылығымен себептелеуді. Заң жобасын әзірлеу, дайындау - бұл заң шығару қызметінің ең бір жауапты, мәнді кезеңдерінің бірі. Себебі, дәл осы кезеңде құқықтық реттеудің пәні анықталып, заң жобасының идеялары, тұжырымдамасы қалыптасады, заң жобасының мәтіні жасалады, дайындалған заң жобасы саралтама мен макулдаудан өтеді, заң шығаруши органдар жіберілудің жолдама құжаттары дайындалады т.б. Сондықтан заң жобасын қалыптастыру ісіне білікті де білімді, тәжірибелі мамандардың қатыстырылғаны дұрыс. Оның бірден-бір жолы - зәни тұрғыда заң жобасын әзірлеуші субъектілердің санын, заң жобасын дайындау жолдарын көң тұрғыда бекіту. Нәк осы қадам зәни реттелуге зәру саланы анықтау мен заң жобасын қалыптастыру ісіне өмірлік зор тәжірибесі бар ғалымдар мен қажетті білімі бар мамандардың қатысуына үлкен мүмкіндіктер тудырады. Заң жобасын қалыптастыру жұмысына білікті мамандардың тартылуы, қатыстырылуы он нәтиже беретіндіктен ол шетел мемлекеттерінде біраз уақыттан бері қолданым табуда. Мысалы, «Америка Құрама Штаттарында көптеген заң шығаруши органдар арнағы түрде кәсіби заң жасаушылардың тұтас санын жалдайды. Бұған Калифорния штатының заңдылық жөніндегі Кеңесі өте тамаша мысал болып табылады. Бұл орган 1913 жылғы арнаулы қаулыға сәйкес заң жобаларын, резолюциялар мен өзге де заңдылық шараларын жасауда заң шығару органдарының мүшелеріне көмек көрсету үшін құрылған. Осы міндетті жүзеге асыру үшін заңдылық жөніндегі Кеңес 70 адам шамасында зангерлер және олар үшін көмекшілер іріктейді. Заңдылық жөніндегі Кеңес пәні бойынша бөлінген. Мысалы: қылмыстық және қылмыстық істер жүргізу құқығы саласында жұмыс әртүрлі қылмыстар мен жазаларға арналған. Кеңеске белгілі бір заңды құрастыруға сауал немесе мәлімдеме (заявка) түскендеған заң жобасы пайда болады. Мұндай сауал нақты адамнан жазбаша

түрде келіп тусуі немесе телефон бойынша қабылданылуы мүмкін. Тиісті Кеңес жасайтын әрбір заң жобасы қолданымдағы заң туралы қысқаша мәліметтен тұрады және заң жобасы бұл заңдың несін өзгертетіндігін көрсетеді. Осындағы түрде заң жобасының күтілетін заңдылық нәтижесі айқындалады» [4. С.98-99]. Олай болса, АҚШ-тағыдай Қазақстанда да депутаттардың заң шығару бастамашылығы құқығын жиі қолдануына мүмкіндік тудыратын институттарды практикаға енгізу қажет.

Атап кеткеніміздей, депутаттардың заң жобасын әзірлеп, Мәжіліске енгізуіне мүмкіндік беретін жолдардың қарастырылмауымен қоса, депутаттардың заң жобаларын енгізуде Үкіметтің оң қорытындысын алуы қажеттігі де депутаттардың тиісті құқықты жүзеге асыруына қарсы келетін жағдай болып табылады. Депутаттар белгілі бір заң жобасын енгізуде, нақты айтсақ мемлекеттік кірісті қыскартатын немесе мемлекеттік шығысты ұлғайтатын заң жобалары енгізуде Үкіметтің оң қорытындысын алмаса заң шығару бастамашылығы құқығын да жүзеге асыра алмайды. Себебі, тиісті заң жобаларын енгізу үшін Үкіметтің оң қорытындысы міндетті. Алайда, қазір қандай қатынастың болмасын құқықтық реттелуі көп жағдайда қаражаттың шығынымен байланысты болғандықтан, тиісті ережеге сәйкес депутаттар заң шығару бастамашылығы құқығын өз қалауынша жүзеге асыра алмайды. Оны келесі тәжірибелік жағдайдан көруге болады: ҚР Парламенттің I - IV сайланымда депутаттар әзірлеген заң жобаларына ҚР Үкіметі жалпы саны 257 қорытынды берген. Оның ішінде оң қорытынды - 108, теріс қорытынды - 149, оның ішінде «шығысты» талап етеді деп берген қорытынды - 60. Байқап отырғанымыздай Парламент депутаттарының әзірлеген заң жобаларының 60 пайызға жуығы Үкіметтің оң қорытындысын ала алмауы себепті Мәжіліске енгізілмей қалған. Біздіңше мұның теріс салдары болуы мүмкін. Сондықтан бұл мәселе жаңаша реттеуді қажет етеді.

Заң шығару қызметі - бұл әртүрлі факторлардың эсерінде болатын шығармашылық қызмет болғандықтан, белгілі бір заңды қабылдау қажеттігі туралы идеяның шығар жерін, қайнар көзін анықтау қажет. Ол оңай шаруа емес. Сондықтан қоғам заң шығару бастамашылығы құқығы субъектілері ретінде Президенттен, Парламент депутаттары мен Үкіметтен аса қырағылық пен кәсіпқойлықты талап етеді. Ал, белгілі бір заң актін қабылдау қажеттігі туралы идея әртүрлі нысанда байқалуы мүмкін. Ең қарапайым жолы - мұндай идея бұрында қабылданған заңдарда қалыптасқан болуы мүмкін. Мысалы, Республикамыздың Конституциясы конституциялық және жай заңдардың біраз тобын қабылдауға негіз, тікелей сілтеме жасайтын ережелерден тұрады. Сондай-ақ, жаңа заң қабылдау, қолданымдағыларға толықтырулар енгізу идеясы қоғамдық талқылауда (дискуссияда) туындалуы мүмкін. В.Б.Исаков бұған мысал ретінде Ресейде өткен депутаттың қол сұқпаушылығы институтының мәні мен қажеттілігі туралы дискуссия осы тақырыпқа қатысты заң шығару бастамашылығына бастау бергендейгін көрсетеді [5. С.60]. Мұндай практикалар бізде де кездесіп тұрады. Күні кеше Парламенттің бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңды қарауы мен қабылдауына қоғам өмірінде тиісті мәселе төнірегінде өткен пікір алмасу, талқылау секілді шаралар байланысты болды десек артық болмас.

Қазақстанда заңдарды қабылдау идеясы Республика Президенттің жолдауларында жиі көрініс табады. Мысалы, ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2006 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында Халық денсаулығы мен денсаулық сақтау жүйесі туралы кодекс жобасын, Ұлттық банк пен Қаржырыногын және қаржы ұйымдарын қадағалау және реттеу жөніндегі агенттік компаниялардың жарғылық корындағы үлестері аз инвесторлардың, акционерлер мен құрылтайшылардың құқықтарын қорғау туралы заң жобасын әзірлеп, «Біріздендірілген номерлердің ұлттық тізілімі туралы» Заңды, Еңбек кодексін қабылдау, «Акпараттандыру туралы» Заңға тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу, т.с.с. тиістілігі анықталған болатын [6]. 2012 жылғы 14 желтоқсандағы жолдауында да ҚР Президенті Үкіметке Президент Әкімшілігімен бірлесіп, қажетті заңнамалық актілер әзірлеуді тездетуді, ал Парламентке олардың басымдық тәртібімен қабылдануын қамтамасыз етуді тапсырган еді [7].

Жаңа заңдарды қабылдау идеясы саяси партиялардың, қоғамдық қозғалыстардың, сайлау алдындағы блоктың бағдарламасында да мазмундалуы мүмкін.

Заң шығару қызметіне қатысты қатынастар маңыздылығына қарай әркезде де қоғам тарапынан ерекше назарды, жетілдіріп отыруды қажет етеді. Бүгінгі күнгі заң шығару практикасы толық көлемде қазіргі заман ағымы ұсынып отырған талаптар мен өркениет өлшемдеріне сай келе

бермейтіні белгілі. Оның бір себебі, Республикасызың заң шығармашылығына қатысты қатынастардың толық реттелмеуі, құқықтық реттеуде кемістіктер мен кемшіліктердің орын алуды болып табылады. Сондықтан заң шығармашылық қызметінің мәселелерінің ішінде заң шығару бастамашылығы институтын да жетілдіріп, оның дәрежесін көтеретін түрлі жағдайларды танып, табу және халықаралық деңгейге сәйкестендіру қажет.

### **ӘДЕБІЕТ**

- [1] Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мэртебесі туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 16 қазандагы N 2529 Конституциялық заңы
- [2] Нормативтік құқықтық актілер туралы Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздығы N 213 Заңы
- [3] Тәуелсіз Қазақстан Парламентінің Мәжілісі. Астана: 2011. – 272 б.
- [4] С.А.Табанов. Совершенствование законодательства: теория и опыт Республики Казахстан. Алматы: Жеті Жарғы, 1999. - 288 с.
- [5] Законодательная техника. Под ред. Ю.А.Тихомирова. М., Городец, 2000 - 272 с.
- [6] Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2006 жылғы 1 наурыздығы Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында».
- [7] Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандығы Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан-2050» стратегиясы қальштасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // <http://www.uad.astana.kz/node/42217>

### **REFERENCES**

- [1] Kazakhstan Respublikasının Parlamenti zhane onin deputattarinin martebesi turaly KR-nin 1995 zhilgi 16 kazandagi konstitusyilik zany
- [2] «Normativtik kukuktyk actiler turaly» 1998 zh. 24 nauryzdagy № 213-1 KR zany
- [3] Tauelsyz Kazakhstan Parlamentinin Mazylysi. Astana, 2011, 272 b.
- [4] S.A.Tabanov. Sovershenstvovanie zaconodatelstva: teoria I optyt Respubliki Kazakhstan. Almaty: Zheti zhargy, 1999, 288 s.
- [5] Zaonodatelnaya tekhnica. Pod red. Y.A.Tihomirova. M., Gorodes, 2000 - 272 s.
- [6] Kazakhstan Respublikasının Prezidenti N.A.Nazarbaevtin 2006 zilgi 1 nauryzdagy Kazakhstan halkina zholdauı «Kazakhstan oz damuyndagы zana serpilis zasau carsanında».
- [7] Kazakhstan Respublikasi Prezidenti – Elbasi N.A.Nazarbaevtin 2012 zilgi 14 zheltoksanagi Kazakhstan halkina zholdauı «Kazakhstan - 2050» strategiasi caliptascan memlekettin zhana sayasi bagyty // <http://www.uad.astana.kz/node/42217>

### **Исследования по совершенствованию института законодательной инициативы и анализ правового регулирования Жарболова А.Ж.**

**Аннотация.** Статья посвящена исследованию института законодательной инициативы. Соответственно в статье раскрывается значение института законодательной инициативы, возможные пути разработки проектов законов, делается анализ правового регулирования института законодательной инициативы, даются предложения по совершенствованию данного института.

### **ЗАҢ ШЫҒАРУ БАСТАМАШЫЛЫҒЫ ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІ МЕН ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

#### **Сведения об авторах:**

Жарболова А.Ж. - кандидат юридических наук, и/о доцента кафедры теории и истории государства и права, конституционного и административного права КазНУ им. аль-Фараби

адрес место работы – г. Алматы, пр. аль-Фараби 71  
e-mail – zharbolova.aygerym@mail.ru

#### **Data of author :**

Zharbolova A.Zh. - a candidate of juridical science, associate professor of department of theory and history of the state and law, constitutional and administrative law, law faculty of Al-Farabi Kazakh National University.

address job is a city Almaty, boulevard of Al-Faraby 71  
e - mail - zharbolova.aygerym @mail.ru

*Поступила 26.08.2014 г.*